

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

12 шілде 2017 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2017 жылдың бірінші жарты жылдығындағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы ақпараттандырады.

- 2017 жылдың 01 маусымынан бастап KASE ресми тізімінің жаңа құрылымы енгізілді, онда капитализациясы кіші және орташа компаниялардың бағалы қағаздары үшін жеке сауда-саттық алаңы бөліп шығарылуын қарастырылған.
- 2017 жылы Биржада листинг процедурасын бес компанияның акциялары және он эмитенттің облигациялар өтті, Биржаның ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздардың саны 147 жетті.
- ББҚ нарығындағы бастапқы орналастырулардың көлемі 104,9 млрд теңгеге жетті, олардың ішінде облигациялар нарығында 82,3 млрд теңге (-52 %), акциялар нарығында – 7,6 млрд теңге, ХҚҰ нарығында – 15 млрд теңге тартылды.
- 12-26 маусымда биржада "Астана Банкі" жай акцияларының бастапқы орналастырылуы өткізілді, соның шегінде эмитент 6,5 млрд теңге тартты. Сұраным бастапқы ұсынымнан 2,6 есеге асты.
- 2017 жылы KASE индексі 22 %-ға өсіп 1 659,90 деңгейіне жетті, бұл алты жылдағы тарихи максимум болып табылады.
- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 88,7 трлн теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 80 %-ға немесе 39,4 трлн теңгеге өсті. Өсім акциялар нарығында (+12,7 %), МБҚ нарығында (+31 %), репо операциялар нарығында (+22,3 %) және валюталық своп операциялары (3 есе) көрсетті.
- 2017 жылдың 01 шілдесіндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғаларға ашылған шоттардың саны 108 445 жетіп, бір ай бұрынғы көрсеткіштен 1 107 артық болды.
- KASE және MOEX және ОӨҚО ПА -мен Ынтымақтастық туралы Меморандум жасасты

### Өзекті жобалар мен іс-шаралар

KASE 2016–2018 жылдарға даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында келесідей іс-шаралар өткізілді:

- Эмитенттер базасын белсенді өсіп келе жатқан, соның ішінде бизнестің бастапқы даму кезеңіндегі, орта капитализациясы бар компанияларды тарту есебінен ұлғайту мақсатында 2017 жылдың 01 маусымынан бастап Листингілік ережелердің жаңа редакциясы қолданысқа енгізілді, соның шегінде Биржаның ресми тізімінің құрылымы "Негізгі", "Альтернативтік" және "Аралас" үш сауда-саттық алаңына бөлінді.

Осы кезде негізгі сауда-саттық алаңында "Акциялар" секторында 59 эмитент бар, соның ішінде 8 "Премиум" санаты бойынша және 51 – "Стандарт" санаты бойынша. "Борыштық бағалы қағаздар" секторында – 51 эмитент "Облигациялар" санаты бойынша енгізілген, соның ішінде 4 "Коммерциялық облигациялар" санаты бойынша. Альтернативтік сауда-саттық алаңында "Акциялар" секторында 41 эмитент бар, ал "Борыштық бағалы қағаздар" секторында – 15 эмитент "Облигациялар" санатында.

KASE ресми тізімнің жаңа құрылымы халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген, соның шегінде кіші және орташа компаниялар болып табылатын, эмитенттер үшін арнайы сауда-саттық алаңдары бөлініп шығарылған және ақпараттар ашу бойынша заңнамада

белгіленген шектерде талаптар белгіленген. Қосымша осындай компаниялар үшін KASE листинглік алымдардың – өтінішті қарау үшін және кіру алымының мөлшерін азайтты.

- 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында эмитенттерді тарту шегінде Қазақстанның төрт өңірінде (Ақмола, Атырау, Шығыс-Қазақстан және Оңтүстік-Қазақстан облыстары) және Астана қаласында шамамен 40 жеке кеңес берулер мен оқыту сессиялары өткізіліп, соның нәтижесінде, қор нарығының қаржы құралдары арқылы қаржыландыру тартуға қызығушылықтың жоғарғы деңгейін танытқан, 45 компаниядан тұратын әлеуетті эмитенттер базасы қалыптастырылды.

Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және кәсіби кеңес берушілердің қолдауымен Ақмола облысына KASE барып кеңес беру іс-шарасы ұйымдастырылды.

Өңірлердегі жұмыс нәтижесінде Биржаға мынадай компаниялар шығарылды: "АмангелдіГаз" ЖШС, "Компания Фаэтон" ЖШС және "ҚазАзот" ЖШС.

- 2017 жылдың екінші тоқсанында KASE "Биржевой симулятор" атты кең ауқымды жобасын аяқтады, бұл іс-шара жас мамандардың қаржылық сауаттылығын көтеру жіне қор нарығында практикалық жұмыс тәжірибесін алу болып табылады. Үстіміздегі жылы жоба жыл сайынғы Дүниежүзілік балалар мен жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша қозғалысы шегінде өтті Global Money Week (GMW, Дүниежүзілік Ақша аптасы).

2017 жылдың бірінші жарты жылдығында өткізілген, Биржаның бірқатар оқыту іс-шаралары KASE Листинглік ережелерін түсіндіруге, сондай-ақ инвесторлармен және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу негіздерін үйретуге бағытталды. Тондай-ақ, KASE банктердің бөлшек клиенттерінің қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында, құрылымдық бөлімшелерде VIP-клиенттермен жұмыс жасайтын, банк қызметкерлерімен оқыту өткізді.

- 2017 жылдың 23 маусымында KASE Халықаралық Қаржы Корпорациясының (IFC) ұйымдастырған "Қазақстанда ESG есепшілігі практикасын енгізу және дамыту перспективалары" тақырыбына өткен дөңгелек үстелдің отырысына қатысты, осы іс-шарада экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері бойынша есеп берушілік (ESG) құрастыру бойынша KASE әдісі талқыланды.
- KASE мен "Московская биржа" КАҚ (MOEX) Ынтамақтастық туралы Меморандумға қол қойды, соның шегінде биржалық нарыққа кәсіби қатысушыларға өзара рұқсаттама беруге себептесу, биржалық ақпаратты тарату, IT-инфрақұрылымдарды дамыту және биржалық сауда-саттықтың ең үздік әлемдік практикаларын енгізу көзделеді. Жасалған Меморандум биржаларға Еуразиялық экономикалық одақ шегінде жалпы жайғасымдарды күшейтуге қолжеткізеді.
- KASE мен "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының рейтинглік агенттігі" АҚ (АӨҚО ПА) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын әрі қарай дамыту және инвесторлардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өзара Ынтымақсатық туралы Меморандумға қол қойды. Бұл құжат KASE интернет-ресурсында АӨҚО ПА ақпараттық және талдамашылық материалдарын, сондай-ақ АӨҚО ПА қашықтан берген, KASE тізімінде тұрған компаниялардың несиелік рейтингтері туралы мәліметтерді жариялау арқылы, KASE мен АӨҚО ПА тиімді өзара ақпараттық әрекеттестігі үшін негіз болады.

### **Биржалық нарықтың негізгі көрсеткіштері**

KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 88,7 трлн теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 80 %-ға немесе 39,4 трлн теңгеге өсті.

Өсім акциялар нарығында (+12,7 %), МБҚ нарығында (+31 %), репо операциялар нарығында (+22,3 %) және валюталық своп операциялары (3 есе) көрсетті. Төмендеу – спот нарығында (-1,9 %), корпоративтік облигациялар нарығында (-47,3 %) және инвестициялық қорлардың БҚ нарығында (-29 %) байқалды.

## Акциялар нарығы

01 шілдеде Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 104 эмитенттің 122 атаудағы акциялары тұрды, соның ішінде листингтік емес сауда-саттық алаңында – төрт компанияның төрт атаудағы акциялары. 2017 жылы Биржаның тізімдері бес компанияның акциялары енгізілді – "КазАзот" АҚ, "Standard Life" Өмір сақтандыру компаниясы" АҚ, Ferro-Alloy Resources Limited, "АЛАТАУ-ҚҰС" АҚ, "ЗА-БэстГрупп" АҚ.

Акциялар нарығының капитализациясы жыл басынан 295,3 млрд теңге немесе 2 %-ға өсіп, 14,6 трлн теңгеге жетті.

Акциялар сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 90,6 млрд теңгеге жетіп, 2016 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда 12,7 %-ға артты. Бастапқы нарықтың көлемі 7,6 млрд теңгеге тең (+100 %), қайталама нарықтың көлемі – 83,0 млрд теңге болды, бұл 3,2 % немесе 2,6 млрд теңгеге артық.

2017 жылдың бірінші жарты жылдығында орналастырулар нарығында екі орналастыру өткізілді. Наурыз айында "БАСТ" АҚ (Шығыс-Қазақстан обл.) SPO өткізіліп, соның нәтижесінде сатушы жоспарланған акциялар көлемі толық орналастырылды, тартылған сома 1 125,0 млн теңгені құрады, бір акцияның бағасы 30 500 теңгені құрады. Сұраным өтінімнен 3,1 %-ға артты.

Үстіміздегі жылдың маусым айында банктің жай акцияларына жазылым жүргізу арқылы "Астана Банкі" АҚ IPO өткізілді. Акциялар бір данасына 1 150 теңгеден орналастырылды. Бастапқыда орналастыруға шамамен 2 млн акция ұсынылды, бірақ қайта жазылым жүргізілуіне байланысты орналстыру көлемі 5,6 млн акцияға дейін ұлғайтылды. Сұраным бастапқы ұсынымнан 2,6 есеге асты. 2017 жылдың 11 шілдесінде "Астана Банкі" бір акциясының қайталама нарықтағы бағасы 1 177,98 теңге деңгейіне көтерілді.

KASE индексі 302 нүктеге немесе 22 %-ға 1 659,9 нүктеге дейін өсті, бұл 2011 жылдың мамыр айынан бастап рекордтық мән болып табылады. Ең үлкен өсімді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акциялары көрсетті, олардың құны 46 %-ға немесе 23,16 теңгеге өсіп, бір акцияға 73,5 теңгеге дейін жетті. Банктің акциялары "Казкоммерцбанк" АҚ-мен бірігу бойынша мәміленің аяқталуы аясында оң динамика көрсетті.

Екінші орында KAZ Minerals PLC акциялары болды, олар 41 %-ға немесе 619 теңгеге қымбаттап, бір акцияға 2 130 теңгеге дейін жетті. Акциялардың өсімін н бірінші тоқсанға өндірістік есептің жариялануы көрсетті, соған сәйкес мыстың өндірісі 16%-ға артып, 52 мың тоннаға жетті (4К 2016: 45 мың тонна). Мамыр айының басынан бастап мыстың баға белгілеулерінің оң трендінің қалыптастуы қосымша оң фактор болып табылады.

Үшінші орында – "КазМунайГаз" Барлау Өндіру" АҚ акциялары, олардың құны шикізат нарығынжа жылдың басынан бастап жағымды болжамдар аясында 19,8%-ға өсіп, бір акцияға 18 300 теңгені құрады, сондай-ақ компанияның мұқайдың дербес процессингі сызбасына ауысуы ішкі жеткізілімдер бойынша маржа көрсеткіштеріне оң ықпалын тигізеді.

Төменде KASE индексінің өкілетті тізіміне енгізілген, акциялардың 2017 жылдың бірінші жарты жылдығындағы құнының өзгеруі көрсетілген:

Эмитенттің атауы	30.06.17 бағасы	Жыл басынан тренді, %
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	73,5	+46,0
KAZ Minerals PLC	2 130,0	+41,0
"КазМунайГаз" Барлау Өндіру" АҚ	18 300,0	+19,8
"KEGOC" АҚ	1 404,99	+17,9
"Кселл" АҚ	1 290,0	+17,1
"Қазақтелеком" АҚ	16 200,0	+11,5
"КазТрансОйл" АҚ	1 214,0	-1,4
"Банк ЦентрКредит" АҚ	156,0	-7,4

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың шоттарына акциялар айналымының 49% тиесілі болды Брокерлер-дилерлердің үлесі 25,3 %

құрады, екінші деңгейдегі банктердің шоттарына (ЕДБ) 2,8 %, басқа да институционалдық инвесторлардың үлесі – 4,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 18,7 % жетті.

### Корпоративтік облигациялар нарығы

Биржада айналысқа жіберілген корпоративтік борыштың көлемі 10 %-ға немесе 808,9 млрд теңгеге төмендеп, 7,5 трлн теңге жетті, бұл көбіне облигациялардың айналыста болу мерзіміне байланысты делистингі есебінен болды.

01 шілдеде KASE сауда-саттық тізімдерінде 66 эмитенттің 262 корпоративтік облигациясы болды. 2017 жылдың алты айында Биржаның тізімдеріне он эмитенттің облигациялары енгізілді – АО "НК "ҚазМунайГаз", ТОО "Компания Фаэтон", ТОО "Амангельды газ", АО "Хоум Кредит энд Финанс Банк", АО "Банк Развития Казахстана", АО "Эксимбанк Казахстан", ООО "КТЖ Финанс", АО "Мангистауская распределительная электросетевая компания", АО "Фридом Финанс" и АО "НК "Продовольственная контрактная корпорация".

Алты айдағы корпоративтік облигациялар сауда-саттығының көлемі 101,1 млрд теңге деңгейінде қалыптасып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 47,3 %-ға немесе 90,8 млрд теңгеге азайды.

Бұл ретте бірінші жарты жылдықтағы орналастырулардың көлемі 82,3 млрд теңгені құрады бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 52 % кем. Жыл басынан корпоративтік облигациялардың сегіз шығарылымы орналастырылды:

Эмитент	БҚ коды	Көлемі, млрд теңге	Кірістілігі, жылдық %	Сұраным, %	Мерзімі, жыл
"Қазақстандық коммуналдық желілер"	KSYSb1	0,9	15,0	34	4,3
"Қазақстандық Ипотекалық Компания" Ипотекалық ұйымы" АҚ	KZIKb23	5,9	10,75	235,4	3
"Компания Фаэтон" ЖШС	FATNb1	1,0	13,5	100	7
"Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ	HCBNb3	10,0	15,0	122,4	3
"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ	BRKZb8	30	10,5	127,2	7
	BRKZb9	20	10,5	135,4	5
"Эксимбанк Казахстан" АҚ	EXBNb5	13	12,5	99,9	5
"Маңғыстау электрожелісін бөлу компаниясы" АҚ	MREKb10	1,5	14,88	185,5	1
<b>Барлығы</b>		<b>82,3</b>			

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 18,8 млрд теңгені құрады, бұл былтырғы жылдың көрсеткішінен 2 % немесе 0,4 млрд теңгеге кем.

Корпоративтік облигациялар нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брокерлер-дилерлердің үлесі 17,6 % құрады, екінші деңгейдегі банктердің шоттарына (ЕДБ) 21,7 %, басқа да институционалдық инвесторлардың үлесі – 38,7%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 13,27 %, жеке тұлғалардың үлесі 8,7 % -дан аспады.

### МБҚ нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 437,4 млрд теңгені құрады (өткен жылмен салыстырғанда +31 % немесе 10,4 млрд теңге).

МБҚ бастапқы нарығының айналымы өткен жылмен салыстырғанда 87,2 % жоғары болып, 340,2 млрд теңгеге жетті. Олардың 304,6 млрд теңгесі – Қазақстанның Қаржы министрлігінің қаржы тартуының көлемі. Қалған 35,6 млрд теңгені жергілікті атқарушы органдары тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бағдарламасы шегінде тартты.

Қайталама нарықтағы белсенділік 36,2 % төмендеп 97,2 млрд теңге деңгейіне жетті. Қайталама нарықтағы көлемдердің өткен жылмен салыстырғанда төмендеуі Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының белсенділігі бәсеңдеуімен байланысты.

МБҚ қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брутто-айналымның 47,8 % ЕДБ үлесінде, брокерлер-дилерлердің үлесі 2,7 % құрады, басқа да институционалдық инвесторлардың үлесі – 29,5%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 20,0 %, жеке тұлғалардың үлесі 0,04 % құрады

### **Халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздары**

Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сегментінде Еуразиялық банктің облигацияларын орналастыру өткізілді, соның нәтижесінде банк 24 мамырда үш жыл мерзіміне, 15,0 млрд теңге қаржы тартты, өтеуге кірістілігі жылдық 10,10 % годовых. Орналастыру қорытындысы бойынша сұраным ұсынымнан 2,2 есе асты. Сауда-саттық барысында баға белгілеулер жылдық 9,10 – 10,5 % аралығында құбылды.

### **Шетел валюталарының нарығы**

Осы сектордағы спот нарығының сауда-саттық көлемі 5 320,4 млрд теңге баламасы деңгейінде қалыптасты, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,0 % немесе 103,8 млрд теңгеге кем.

Жыл басынан бастап теңге долларға қатысты 3,4 %-ға күшейіп, бір АҚШ долларына 321,58 теңге деңгейінде болды. KASE валюталық сауда-саттық алаңында ең көп саудаланатын қаржы құралы АҚШ доллары болып қала береді, сауда-саттық көлемі 16,5 млрд АҚШ долларын немесе жалпы көлемнің 73 % құрады. Ресей рублінің теңгеге сауда-саттығының көлемі 6,04 млрд ресей рублі немесе жалпы көлемнен 26,6 %, қытай юанінің теңгеге сауда-саттығы – 63 млн қытай юан немесе 0,3 %, теңгеге еуро – 36,8 млн еуро, бұл жалпы шетел валюталары нарығының сауда-саттық көлемінен 0,2 % құрайды.

### **Ақша нарығы (репо және валюталық своп операциялары)**

Ақша нарығында сауда-саттықтың жиынтық көлемі 82 690,1 млрд теңгеге жетіп, 2016 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 91,4 %-ға немесе 39 486,9 млрд теңгеге асты. Валюталық своп сегменті ең үлкен өсімді көрсетті – үш есе немесе 32 965,3 млрд теңгеге ұлғайып, 46 867,3 млрд теңге деңгейіне жетті.

Репо операцияларының сегментіндегі көлемнің өсуі 22,3 % немесе 6 521,6 млрд теңгені құрап, 35 822,8 млрд теңге деңгейіне жетті. Осы көлемнің 87 % МБҚ-мен авторепо үлесінде, 12,6 % – ББҚ-мен авторепо, қалғаны – тікелей репо операцияларының үлесінде. Операциялар құрылымында ББҚ-мен тікелей репо операцияларының үлесінің елеулі өсімі байқалады: 75,4 млрд теңгеден 4 509,0 млрд теңгеге дейін.

Биржалық ақша нарығының бағалық көрсеткіштері төмендеуді көрсетті. Ағымдағы жылдың басынан бастап TONIA (repo overnight) мөлшерлемесі 2,5 пп төмендеп, 9,64 % жетті. MM\_Index мәні 0,9 пп төмендеп, жылдық 9,64 % жетті. Ақша нарығының мөлшерлемелері Ұлттық Банктің жылдық 10,5 % ± 1 % құрайтын базалық мөлшерлемесімен қоса төмендеп отырды.

### **Анықтама үшін**

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE)** Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz); [info@rfcaratings.kz](mailto:info@rfcaratings.kz)